

ҚМГ БӨ ЖАҢАНДЫҚ ДЕПОЗИТАРЛЫҚ ҚОЛХАТТАРҒА ҚАТЫСТЫ ШАРТТЫ ТЕНДЕРЛІК ҰСЫНЫСТЫ ІСКЕ ҚОСҚАНЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАДЫ

➤ «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ барлық өзінің шығарылған ЖДҚ-ны, бір ЖДҚ үшін 14,00 АҚШ доллары бағасымен сатып алу туралы шартты тендерлік ұсынысты іске қосқаны туралы хабарлайды.

ҚМГ БӨ Тендерлік ұсынысты оларға тиісінше тендерлік тапсырыс берілген, ЖДҚ-ның жеке капиталы есебінен, Тендерлік ұсыныста көрсетілген Баға бойынша сатып алу жолымен іске асырады. Тендерлік ұсынысты қабылдаған білікті ЖДҚ ұстаушылары төлеушінің салығын алып тастағанда, әрбір ЖДҚ үшін 14,00 АҚШ доллары мөлшеріндегі өтемақыны алуға құқылы.

Тендерлік ұсыныста көрсетілген Бағада, 2017 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 11,32 АҚШ доллары ЖДҚ бағасына 30 күнге қатысты орташа есептелген 23,7 пайыз мөлшеріндегі сыйақы көрсетілген.

Тендерлік ұсыныс барлық қатынастарда сөзсіз болған жағдайда, Компания сондай-ақ, ҚМГ ҰК-ға өлі тиесілі емес, өзінің барлық Жай акци-

яларын сатып алу мақсатында ЖДҚ-ға қатысты Тендерлік ұсыныс сияқты осындай экономикалық талаптармен бұдан кейінгі Тендерлік ұсынысты іске қосады.

ЖДҚ-қа қатысты Тендерлік ұсынысты іске қосуды Компанияның Директорлар кеңесі бірауыздан мақұлдады.

ЖДҚ-ға қатысты Тендерлік ұсыныс туралы қосымша ақпарат және Лондон қор биржасының биржалық тізімінен шығару және Қазақстан қор биржасының биржалық тізімінен шығару циркулярда берілген, ол Компанияның веб-сайтында орналастырылған.

Бүгінгі санда:



«Қаражанбасмұнай» АҚ-ға жаңа басшы сайланды

2»



ҚМГ БӨ 2018 жылдың бюджетін және 2018-2022 жылдарға арналған бизнес-жоспарды бекітті

3»



Ысырапшылдық – отбасы бюджетінің соры

8»



РД КМГ ОБЪЯВИЛА О ЗАПУСКЕ УСЛОВНОГО ТЕНДЕРНОГО ПРЕДЛОЖЕНИЯ В ОТНОШЕНИИ ГДР

➤ АО «Разведка Добыча «КазМұнайГаз» сообщает о запуске условного тендерного предложения по выкупу всех своих выпущенных ГДР по цене 14,00 долл. США за одну ГДР.

РД КМГ реализует Тендерное предложение путем покупки за счет собственного капитала ГДР, на которые надлежащим образом поданы тендерные заявки, по Цене, указанной в Тендерном предложении. Квалифицированные держатели ГДР, принявшие Тендерное предложение, имеют право на получение компенсации в размере 14,00 долл. США наличными за каждую

ГДР минус налог у источника выплаты. В Цене, указанной в Тендерном предложении, отражена премия в размере 23.7% относительно 30-дневной средневзвешенной цены ГДР 11,32 долл. США на 1 декабря 2017 г.

При условии, что Тендерное предложение становится безусловным во всех отношениях, Компания также запустит дальнейшее Тендерное

предложение с целью приобретения всех своих Простых акций, ещё не во владении НК КМГ на таких же экономических условиях, как и Тендерное предложение ГДР.

Запуск Тендерного предложения в отношении ГДР был единогласно одобрен Советом директоров Компании.

Дополнительная информация о Тендерном предложении в отношении ГДР и исключении из биржевого списка с Лондонской фондовой биржи и исключении из биржевого списка с Казахской фондовой биржи представлена в циркуляре, который доступен на веб-сайте Компании.

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ!



«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ компаниялар тобында әлеуметтік хал-ахуалға мониторинг жасау мақсатында кері байланыс жүйесі жұмыс істейді. Қызметкерлер өздерін толғандырған мәселелер бойынша орталық аппараттың атына:

– WhatsApp арқылы, **+7 700 700 29 99** телефон нөмеріне мәтіндік, аудио немесе бейне сауал және шагымдарын қалдыра алады;

– **social@kmgep.kz** электрондық поштасына да хат жолдай алады.



Келіп түскен барлық сауалдарды ҚМГ БӨ орталық аппаратының тиісті қызметкерлері қарап, жауап беретін болады. Кері байланыс қызметін пайдаланыңыз!



«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ-ға жаңа басшы сайланды



Қарашаның 20-ы күні «ҚазМұнайГаз» БӨ АҚ бас директоры Құрманғазы Есқазиев «Қаражанбасмұнай» АҚ ұжымына Компанияның жаңа басшысы Сүйіндік Тасеменұлы Алдашевты таныстырды. Бұл қызметке дейін Сүйіндік Тасеменұлы Маңғыстау облысы әкімінің бірінші орынбасары лауазымын атқарған.

Жаңа басшыны таныстыру барысында Қ.Есқазиев «Қаражанбасмұнай» АҚ президенті міндетін уақытша атқарған Б.Баймұлдаевке алғыс білдірді. Ал, компанияның жаңа басшысы директорлар кеңесінің шешімі бойынша сайланғанын баяндады. Ұжымға жаңа басшыны таныстыру рәсіміне «ҚазМұнайГаз» БӨ АҚ ап-

парат басшысы Б.Асқаровпен бірге лауазымды тұлғалар қатысты.

Бұдан бөлек, «Қаражанбасмұнай» АҚ басшылық құрамында да өзгерістер болғаны хабарланды. Өндіріс жөніндегі Вице-президент лауазымына Әбдірахманов Нұржан Базарбайұлы, кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі Вице-президент лауазымына Шелпеков Балабай Ақбердіұлы тағайындалды.

Жиын барысында бұған дейін «Қаражанбасмұнай» АҚ кадр және құқықтық мәселелер жөніндегі Вице-президенті қызметін атқарған Руслан Бексұлтанұлы Макашевқа ҚМГ БӨ АҚ бас директоры Құрманғазы Есқазиев Алғыс хат табыстап, компанияға сіңірген еңбегі үшін алғыс білдірді.



ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ мәселесіне арналды

Желтоқсанның 6-ы күні «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да «Геологиялық барлау: заман үндеулері және келешек» тақырыбында конференция өтті. Іс-шараға «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының барлаушы және өндіруші кәсіпорындарының қызметкерлері, ҚМГ-ның ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлері және ҚМГ қызметкерлері қатысты.

Конференцияның мақсаты – тәжірибе және пікір алмасу алаңын құру, геологиялық барлау саласында перспективті және стандарттан тыс идеяларды анықтау. Бұл конференция – команда құрудағы, ҚМГ-ның геологиялық барлау индустриясын дамыту бағытын құрудағы алғашқы қадам болып табылады.

Қазақстанның қолданыстағы мұнай өндіруші өңірлеріндегі ресурстық базаның азаюына байланысты көмірсутек қорларының өсімі есебінен оның орнын толтыру мәселесі өткір тұр, ол өз кезегінде түпкілікті барлау жұмыстарын жүргізу, жаңа аумақтарды іздестіру және игеру қажеттілігін білдіреді.

Геологиялық барлау жұмыстары стратегиясы шеңберінде ҚМГ Қазақстан Республикасының шөгінді бассейндерінің көмірсутекті әлеуетін бағалауға бағытталған жұмыстардың белгілі бір түрлерін орындайды және бес жылдық кезеңге арналған барлау және барлау мен түпкілікті барлау бағдарламасын дайындайды.

Осы бағдарламаның нәтижесінде әртүрлі себептермен (су басып кету, апаттар, аз



дебиттілік және т.б.) пайдаланудан шығарылған, қолданыстағы қордың ұңғымаларын пайдалану мүмкіндігін бағалай отырып, 3Д сейсмикалық барлауды және жаңа ұңғымаларды бұрғылауды қоса алғанда, таңдап алынған кен орындары бойынша түпкілікті барлау жөніндегі қажетті іс-шараларды іске асыру мерзімдері, түрлері, көлемдері бойынша ұсыныстар дайындауды жоспарлайды. Және одан басқа, ҚМГ жер қойнауын пайдалануға арналған перспективті блоктар портфельін дайындау үшін Каспий маңы, Үстірт-Бозашы және Маңғыстау бассейндерін өңірлік зерттеу бойынша ӨБТ ҒЗИ-мен бірлесіп жұмыс жүргізеді. Қазіргі заманғы жағдайда барлау жобаларын табысты түрде іске асыру үшін және мұнай-газ кен орындарын тиімді игеру үшін өзекті ақпаратты және ілеспе деректерді жедел алу керек. Осындай себеп бойынша деректерінің көлемі үлкен ақпараттық жүйелерді тиімді түрде орталықтан басқару бойынша міндеттерді шешу және бүкіл ақпаратты бірыңғай ақпараттық кеңістікке біріктіру, веб-портал түрінде интерфейсі бар бүкіл геологиялық-геофизикалық, кәсіпшілік ақпаратқа – Орталықтандырылған Деректер Банкіне (бұдан әрі – ОДБ) кірудің бірыңғай нүктесін құру қажеттілігі туындады.

ОДБ құрудың міндеті – барлық ақпаратты бірыңғай архивке шоғырландыру және бүкіл жинақталған ақпаратқа ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерінің оперативті қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

Жоғарыда айтылғаннан басқа, ҚМГ барлауға және өндіруге жаңа лицензиялық блоктарды алу

бойынша белсенді жұмыс жүргізеді. Мысалы, Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» жаңа заңы 2010 жылы қабылданғаннан кейін ҚМГ Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігімен Қансу, Өркен, Бектұрлы Восточный, Исатай, Өлі Қолтық (Үстірт), Самтыр және Прибрежное жер қойнауын пайдалануға арналған жеті келісімшарт жасасты.

Геологиялық барлауға арналған шығындарды оңтайландыру жүргізілгеніне қарамастан, жүргізіліп жатқан жұмыстардың сапасын және тиімділігін арттыруға ерекше көңіл қойылып отыр. Осыған байланысты ҚМГ жаңа жобалар мен бағыттарды анықтау және дамыту мақсатында өңірлердің геологиясын зерттеу бойынша талдамалық жұмысқа ерекше көңіл бөлінуде, «олар болашақта өз әлеуетін алып келеді және еліміздің мұнай-газ саласына жаңа тыныс береді», – деп атап көрсетті өз баяндамасында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың барлау жөніндегі аға вице-президент – бас геолог Мұхит Саурамбаев.

Конференцияда өз баяндамаларымен ҚМГ-ның еншілес компанияларының және ғылыми-зерттеу институттарының өкілдері де шығып сөйледі, олар қазіргі заманғы технологиялардың пайдаланылуы және сейсмикалық барлау әдістері, перспективті кен орындары және т.б. туралы баяндады.

«ҚазМұнайГаз»
ұлттық компаниясы» АҚ
Баспасөз қызметінің ақпараты бойынша



ҚМГ БӨ

2018 жылдың бюджетін және 2018-2022 жылдарға арналған бизнес-жоспарды бекітті

Желтоқсанның 4-і күні «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Директорлар кеңесі 2018 жылдың бюджетін және 2018-2022 жылдарға арналған бизнес-жоспарды бекіткені туралы хабарланды. ҚМГ БӨ-нің тәуелсіз директорлары 2018 жылдың бюджетін және 2018-2022 жылдарға арналған бизнес-жоспарды бекіту мәселесі бойынша дауыс беруден қалыс қалды.

2018 жылдың бюджеті Brent сұрыпы мұнайының барреліне 55 АҚШ доллары мөлшеріндегі бағасының және АҚШ долларына 340 теңге бағамының болжамына сәйкес жасалды.

2018-2022 жылдары Компанияның еркін ақша ағымы негізінен күрделі салымдардың ұлғаюымен ішінара өтелген мұнайдың дербес процессингі схемасының оң нәтижелеріне байланысты жағымды болады деп жоспарланады.

Өндіру

Өндірудің жоспарлы көлемі 2018 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ-да **5,6 млн** тоннаны және «Ембімұнайгаз» АҚ-да **2,9 млн** тоннаны құрайды.

Компания 2022 жылға қарай ӨМГ мен ЕМГ-нің өндіру көлемдері тиісінше **6,2 млн** және **3,0 млн** тоннаға дейін өседі деп жоспарлайды.

Жалпы өндірудің жоспарлы көлемі ӨМГ мен ЕМГ-де 2018 жылы 8,5 млн тоннаны құрайды, бұл негізінен 2017 жылы ӨМГ-де базалық өндірудің азаюы салдарынан 2017 жылы бекітілген өндіру жоспарынан 2%-ға кем.

Бұл ұңғымалардың ауыспалы қорымен жұмыс жасау жөніндегі кешенді шаралардың және қосымша геологиялық-техникалық іс-шаралардың есебінен 2017 жылы бекітілген өндіру жоспарымен салыстырғанда жиынтықты 6%-ға артық. Сонымен қатар, ҚГМ, ССЕЛ және ПҚИ-дің жалпы өндіру көлемі 2022 жылы 1,9 млн тоннаны құрайды, бұл ең бастысы ҚГМ мен ПҚИ компанияларында өндірудің табиғи жолмен тиісінше 64% және 66%-ға азаюы есебінен 2017 жылы бекітілген өндіру жоспарымен салыстырғанда 46%-ға кем болады.

«Қазгермұнай» БК» ЖШС, ССЕЛ және «ПетроҚазақстан Инк.» компанияларының мұнай өндірудің жоспарлы көлеміндегі ҚМГ БӨ үлесі 2018 жылы **3,4 млн** тоннаны құрайды.

Бұл ПҚИ және ҚГМ-де күтілетін мұнай өндіру деңгейінің табиғи азаюына байланысты 2017 жылы бекітілген өндіру жоспарынан 5%-ға кем.

Жалпы, ҚГМ, ССЕЛ және ПҚИ компанияларындағы үлестерді есептегенде, 2022 жылы ҚМГ БӨ-нің өндірудің жоспарлы көлемі 2017 жылы бекітілген өндіру жоспарынан **9%-ға** төмен.

Мұнайды ішкі нарыққа жеткізу

ӨМГ мен ЕМГ 2018 жылы тікелей Атырау мұнай өңдеу зауытына (АМӨЗ) және Павлодар мұнай-химия зауытына (ПМХЗ) 2016 жылдың сәуірінен бастап қолданыстағы мұнайдың дербес процессингі схемасына сәйкес қайта өңдеу және мұнай өнімдерін өткізу үшін мұнайдың жалпы сату көлемінің 36%-ын немесе 3,0 млн тоннасын (тәулігіне 60 мың баррель) жеткізеді деп жоспарланады.

да қосымша ұлғаяды. 2018 жылдың бюджеті қазіргі деңгеймен салыстырғанда мұнай өңдеу тарифтерінің АМӨЗ-де шамамен 28%-ға және ПМХЗ-да 5%-ға өсуін ескеріп отыр. Анықтама үшін, мұнай өңдеу тарифі АМӨЗ-де 2017 жылдың сәуірінен бастап тоннасына 24 512 теңгені және ПМХЗ-да 2017 жылдың тамызынан бастап тоннасына 16 417 теңгені құрайды. Бұл ретте, байланысқан тараптармен шарт жасасу мәселесі Компанияның Директорлар кеңесінің жеке қарауына жатады.

2018 жылы ішкі нарыққа жеткізілетін **3,0 млн** тонна мұнайдың **1,9 млн** тоннасы АМӨЗ-ге және **1,1 млн** тоннасы ПМХЗ-ға жөнелтілетін болады.

ҚГМ, ССЕЛ және ПҚИ-дің ішкі нарыққа шикі мұнай жеткізудің жоспарлы көлеміндегі ҚМГ БӨ үлесі 2018 жылы **1,6 млн** тоннаны немесе осы компаниялардың жалпы сату көлемінен шамамен **49%-ын** құрайды.

2019-2022 жылдары ӨМГ мен ЕМГ ресурстарынан ішкі нарыққа мұнай жеткізу үлесі орта есеппен жалпы сату көлемінің **33%-ын** құрайды деп жоспарланады.

2019 – 2022 жылдары ҚГМ, ССЕЛ және ПҚИ-дің ішкі нарыққа мұнай жеткізу үлесі осы компаниялардың жалпы сату көлемінен **50%-дан** артық емес деңгейінде сақталады деп болжамданады.

Бұдан бұрын хабарланғандай, АМӨЗ бен ПМХЗ-да жаңғырту бағдарламасының жоспарлы аяқталуынан кейін 2018 жылы ақшыл түсті мұнай өнімдерін өндіру үлесі жоғарылайды, ал 2018 жылдың 4-ші тоқсанынан бастап АМӨЗ-де мұнай химиясы өнімдерінің өндірісі тағы



Көрнекілік сурет

Күрделі салымдар

Күрделі салымдар 2018 жылы **142 млрд** теңге мөлшерінде жоспарланады, бұл 2017 жылға жоспарланып отырған күрделі салымдардан **4%-ға** жоғары.

монтаждау жұмыстарына шығындардың азаюымен ішінара жабылды.

Компания 2017 жылдың жоспары бойынша 191 ұңғымамен салыстырғанда 2018 жылы 213 ұңғыма бұрғыланады деп жоспарлап отыр.

Күрделі салымдардың ұлғаюы негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді сатып алумен және эксплуатациялық бұрғылауға шығындардың өсуімен байланысты, бұл іздеу-барлау мақсатында бұрғылауға және құрылыс-

2019-2022 жылдардағы кезеңге күрделі салымдар орта есеппен жылына **118 млрд** теңгеге жуық мөлшерде жоспарланған.



Көрнекілік сурет

“ҚАЙНАРЛЫҚТАРДЫҢ” қарымды қадамы



Б. Жоламанов кеніші мамандары

«Қайнармұнайгаз» басқармасында заман талабына сай озық технологиямен жұмыс жасау қарқынды жүреді. Мәселен, басқармаға қарасты «Уаз» кен орнына 2015 жылы ұңғыларды онлайн тәртіпте басқаруды жүзеге асыру үшін жасалған «Уаз сандық интелектуалды кен орны концепциясы» сынамалы жобасын енгізу шеңберінде 39 ұңғыға сандық интелектуалды басқару енгізілді. Бүгінгі таңда кен орны ұңғыларының жұмыстарын қадағалап, диагностика жасау үшін орнатылған бағдарлама қашықтықтан технологтар мен геологтар компьютерлеріне ұңғылардың сораптарының жағдайы туралы және құбыр сырты, құбыр бойы қысымдары туралы тікелей онлайн түрде ақпарат беріп тұр.

Сондай-ақ, соңғы жылдары өндірісте шибелі ысырма және өлшеуіш құралмен жабдықталған 2 дана су бөлу бекеті орнатылған. Оның өзіндік тиімділігі бар. Бұған дейін зерттеу операторы су айдау ұңғыларынан айдалып шыққан су мөлшерін өлшеп, тежегішін ауыстыратын болса, жаңа технология бойынша бір жерден бірнеше ұңғыларды қамтуға мүмкіндік бар. Бұл жұмысшының уақытын үнемдеумен қатар жұмыс сапасын да арттыра түседі. Басқарма бойынша биылға жоспарланған 11 ұңғыма толығымен орнатылып, өнім беріп тұр. Жалпы мұнай өндіретін ұңғы қоры 479-ды құрайды. Олардың сексен төрт пайызы электрлі бұрандалы сорапты, он алты пайызы штангалы тереңдік сорапты ұңғылар. Олай болатын себебі кеніштегі мұнай құрамы қою және құрамында құм мөлшері көп, сондықтан мұнда электрлі бұрандалы сораптар көбірек қолданылады. Әйтсе де, штангілі сорапты ұңғыларға да маңыз берілуде. Бүгінде осы сораптарды тексеретін қондырғы орнатылған. Енді мамандар сораптың цилиндрі мен плунжерін компьютер арқылы тексерістен өткізе, ішкі клапандарын арнайы қысым беру құралы арқылы тексере алады. Қабатқа су айдау тиімділігін арттыру мақсатында да ГНК-5, 7-125-1600 маркалы сораптары орнатылған.

«Қайнармұнайгаз» мұнай және газ өндіру басқармасына қарасты «Береген Жоламанов» атындағы учаске орталықтан ең шалғай орналасқан кеніштердің бірі. Мұнда бір ауысымда 28 адам еңбек етеді, сондай-ақ мердігер мекемелердің жұмысшылары да жұмыс жасайды. Соған сәйкес, еңбек адамдарын уақытылы тамақтандыруда кідіріс болмас үшін 2011 жылы 30 орындық асхана пайдалануға берілген-ді. Сонымен қатар 60 орынға арналған екі қабатты жайлы жатақхана да бар. Учаске басшысының орынбасары Қуаныш Қошбағамбетовтың айтуынша, соңғы жылдары кеніш техникалық бағытта біраз жаңарып, көптеген жұмыстар автоматтандырылған. «Соңғы жылдары өндіріс мәдениетін жақсарту мақсатындағы жұмыстарға үлкен мән берудеміз. Бүгінде



Сорап цехында

кеніште 49 ұңғыма мұнай беріп тұрса, жаңадан қазылып жатқандары да бар. 2016 жылы 4 ұңғыма бұрғылаудан кейін қосылды. 32 электр бұрандалы және 15 штангалы тереңдік сорапты ұңғыма жұмыстары үнемі қадағаланып тұрады. Ұңғымалардан өндірілген сұйықтықты сораппен айдаудың арқасында қысым азайды да, өнім молая түсті. Ол жерде топтық өлшеу қондырғысы да қалыпты жұмыс жасап тұрғанын айтуға тиіспіз. Цехтағы мұндай жұмыстар өз нәтижесін беруде, – дейді ол.

Жалпы 2011 жылы Қызылқоға ауданынан көгілдір отын тартылған болатын. Облыс орталығынан 350-400 шақырым қашықтағы елді мекендерге газ құбырын тарту ерлікпен пара-пар жұмыс еді. Соның арқасында жолдағы Жамансор, Кенбай, Жантерек, Мұқыр, Сағыз, аудан орталығы Миялыға және басқа да ауылдарға газ желісі барып, тұрғындарды қуанышқа бөлеген еді. Мұқыр селосына жақын орналасқан «Береген Жоламанов» атындағы кеніші де осы игіліктен құр қалмады. Бүгінде табиғи газды әлеуметтік бағыттағы нысандарға пайдаланса, өз газдарын май қыздыру пештеріне жаратып отыр. Кен орының қондырғыларына қызмет көрсететін жөндеушілер Ғаділбек Ешекеев пен Құрмет Мұқанов осы аталған кеніште жиырма жылдың үстінде еңбек етіп келеді. «Кен орын басындағы барлық технологиялық қондырғыларды уақытылы қарап, тексеріс жүргізіп, ұдайы жөндеуден өткізіп тұру қажет», – дейді тәжірибелі жұмысшылар.

«Қайнармұнайгаз» МГӨБ жер асты жөндеу цехында 8 бригада бар. Бұл жұмыста бұрынғыдай жоспармен жасау тоқтатылып, енді нормативтік әдіске көшкен. Соның өзінде жұмыс жақсы жолға қойылып, бұл жүргізілген іс-шаралар тиімділігінің, жаңа ұңғымаларды бұрғылау, күрделі және жай жөндеу жұмыстарының ұлғаюының нәтижесі болып отыр. Қыстың аязына, жаздың аптабына төзімділік танытып, өздерін өндірістегі осынау жұмыста шыңдай білген мұнайшылардың арасында ұңғыларды жер асты жөндеу

цехі ұжымының да еңбегі мол екендігі шүбәсіз. 2011 жылы цехта «ДЭЛ-140» приборы енгізілді. Оның артықшылығы – арнайы бөлмеде отырып, өндірісте жасалып жатқан жұмыс барысын компьютерден түгел көріп отырасыз.

Басқарманың ұңғыларды жер асты жөндеу цехында бүгінде жүзден аса мұнайшы еңбек етеді. Жалпы 8 бригадада ауысымдық әдіспен еңбек ететін мұндағылардың негізгі міндеті – тереңнен мұнай тартып тұрған ұңғылардың өнімін кемітпеу жолында жоспарлы жай жөндеу жүргізу. Сөйтіп, өз істерінде шеберлікке, тиянақтылыққа машықтана білген олар жұмыс барысында «сыр» беріп тұрған ұңғыларға жаңа құбырлар мен қарнақтарын жіберіп, әр түрлі модификациялық сораптарын ауыстыруды жүзеге асырады. Әрине, айтуға оңай, әйтпесе бұның да мехнаты аз емес. Бір кісідей белсенді қимылдайтын ұжымдастардың арқасында ұңғылардың жөндеу аралық кезеңі қазіргі таңда едәуір ұзарды.

Бүгінгі таңда жұмыс көлемі қаншалықты ауқымды болса, оны орындау үрдісі де сондай қарқынды. Барлық бригада жігіттері өздеріне жүктелген міндетті жоғары ынтамен атқаруда. Жұмыс жеңіл емес, жер астындағы сорап істен шығуы, немесе ұңғының бойы бітеліп қалуы, жер асты қабатының суланып кетуі де болып жатады. Мұндай сәтте жедел жететін осы цех бригадалары жөндеуге білек сыбана кірісіп кетеді. Жалпы цехта жастар көп, өйткені жер асты жөндеу жұмысына қайратты, денсаулығы мықты жастар қажет. Оларға жасалып отырған жағдай да көңілден шығып жатыр. Бүгінде ұңғымаларды жер асты жөндеу бригадаларына арналған екі бөлмелі заманауи жаңа вагон іші қыста жылы, арнайы жылыту пеші де бар, ал жазда салқын. Салқындатқыш қондырғы екі бөлмеде де орнатылған. Ыстықта шөлдеп, суықта тоңса, жайлы вагонға кіріп шай-су ішіп, дамылдап алуға болады. Бұл үнемі дала төсінде, жел өтінде жүретін жігіттерге көп көмек.

Айтқандай, Қайнар вахталық қалашығының су жүйесіне күрделі жөндеу жүргізіліп, пластик құбырларға ауыстырылса, Кенбай алаңындағы асхана да күрделі жөндеуден өтті. Ал алдағы жылдары құрылыс жоспары бойынша, өндіріс мәдениетін және салауатты өмір салтын қолдау мақсатында Кенбай кенішінде 100 орындық жатақхана мен дене шынықтыру кешенін салу белгіленіп отыр. Бұл жерде басқарманың басшылығы да «спортқа» бүйрек бұра көңіл бөлуінде болып тұр. Оның тағы бір айғақты дәлелі, Атырау футбол федерациясының басшылығымен жүздесе отырып, облыстық деңгейде кіші аяқдоп (футзал) шеберлері арасындағы біріншілікке алғашқы рет басқарма жұмысшыларынан құралған «Қайнар» командасының қатысып, тұсаукесер ойындарының да жүргізіліп жатқаны. Қорыта айтқанда, қайнарлықтардың жігерлі еңбек етуі мен жақсы демалуына, мәдени-спорттық шараларға да біртұтас боп атсалысуына барлық жағдай жасау күн тәртібінен түскен емес.



Жер асты жөндеу жұмысы

Жаңаөзенде «НҰР-КАПИТАЛ» жобасы іске асырылады

Елбасы Н.Назарбаев жыл сайынғы Жолдауында ел экономикасына басты серпін беріп, қозғау салар саланың бірі – шағын және орта бизнестің өлеуетін арттыру мәселесін назардан тыс қалдырған емес. Басты мақсат – кәсіпкерлік саласын ел экономикасының басты қозғаушы күшіне айналдыру. Осы орайда Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласында орта және шағын бизнесті қолдауға әрі дамыту үшін «Нұр-Капитал» жобасының тұсауы кесіліп, үшжақты меморандумға қол қойылды. Кәсіпкерлер қауымы бұл жоба өңірде ғана емес, ел ішінде тұңғыш рет іске асырылып отырғанын айтады. Сондықтан оны жыл жаңалығына балап, барлығы жылы қабылдауда. Бағдарламаны қаржыландыру «Даму» қорының және «Өзенмұнайгаз» АҚ жер қойнауын пайдалану келісім-шарты аясында жергілікті атқарушы органға беретін қаражаттары есебінен жүзеге асырылатын болады. Қаржыландыру көлемі: бағдарлама бойынша жалпы сомасы – 1 млрд. 50 млн. теңге, оның ішінде: «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның 350 млн. теңге, «Даму» қорының қаржысы – 700 млн. теңге.

«Орта және шағын бизнестен айналысамын деген әрбір азаматқа толықтай мүмкіндік жасалынып отыр. Үш жақтың қатысуы арқылы жүзеге асатын бағдарламаны бастауға әзірміз. «Өзенмұнайгаздан» алынатын ақшаның 350 млн. теңгесі «Даму» қорына қайтарымды негіздегі несиелер ретінде беріледі. Өз кезегінде «Даму» қоры екі еседен көп қаражат бөледі. Нәтижесінде барлығы 1 млрд. 50 млн. теңгені жергілікті кәсіпкерлердің жобаларын қаржыландыруға жұмсаймыз. Қысқасы, бұл жерде ешқандай жергілікті бюджеттің қаражаты жұмсалмайды», – деді Ералы Тоғжанов. Сондай-ақ, ол Жаңаөзен қаласы моноқала болғандықтан, өндіріс және қызмет көрсету салаларында жаңа нысандарды ашуды қаржыландыру арқылы қала экономикасын өртартапандыру қажет. Жаңаөзен арқылы облыстың түрлі көрікті жерлеріне апаратын туристік бағыттар өтеді («Кендірлі» демалыс аймағы, табиғи көрікті жерлер, діни ғибадат орындары), соған байланысты сервисті жетілдіру және жаңа қызмет көрсету нысандарын құру қажет. Бағдарламаның жүзеге асыру қажеттілігі де осы екенін ерекше атап өтті.



«Даму» қорының МОФ директоры Берік Нұрғалиев: Бағдарламаның негізгі талаптарының бірі тек қана жаңа тұрақты жұмыс орындарын құратын инвестициялық мақсаттағы жобалар қаржыландырылатын болады. Ең маңыздысы қаражат «Өзенмұнайгаздан» «Даму» қорына тікелей аударылады. Сол себепті несиелер бойынша пайыздық мөлшерлеме «Бизнестің жол картасы 2020» бірыңғай бағдарламасы аясында субсидияланатын болады. Егер соңғы қарыз алушы үшін сыйақы мөлшерлемесі – 11 пайыз болса, оның 10 пайызы субсидияланады, ал кәсіпкер қалған 1 пайызын ғана төлейді. Сонымен қатар, егер қарыз алушының кепілге қоятын мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда, оған «Бизнестің жол картасы – 2020» бірыңғай бағдарламасы аясында «Даму» қорының кепілдемесі берілетін болады, – деді.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев әрдайым шағын және орта бизнестің дамуы кез келген елдің экономикасының негізі екенін айтып келеді.

Шағын және орта кәсіпкерлік ел экономикасының негізгі тірегі екенін ескерсек, алып өндірістің де, шағын өндірістің де жұмысын алға жетелейтін ең тиімді жол – билік пен бизнестің арасындағы арақатынастың үзілмеуінде жатыр.

Маңғыстау облысы
өкімінің баспасөз қызметі

ЕМГ: 9 ай ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Өнуар Жақсыбеков қаржылық-шаруашылық көрсеткіштер жөнінде 2017 жылдың 9 айы бойынша қорытынды есеп берді. Бүгінгі таңда Компанияда 41 кен орны бар, оның 9-ы консервацияда болса, 32 кен орнында мұнай өнімі тұрақты өндірілуде. Есепті кезеңде 2 116 877 тонна мұнай өндірілді. Соның ішінде «Жылыоймұнайгаз» және «Доссормұнайгаз» басқармаларында жоспар артығымен орындалған. Өндіріске арнаулы техникалар алу жұмысы жанданып, жаңа техникалармен толығында. Биылғы жылы Жылыойда 17, Жайықта 15, Қайнарда 8, Доссорда 8 бірлік арнаулы техникалар алынған. Алдағы бесжылдықта ЕМГ бойынша бүкіл арнаулы техниканы түгел жаңарту жоспары қойылып отыр, өйткені қазіргінің басым бөлігі ескірген. Кеніштердің өнім беру көлемін ұлғайту мақсатында жаңа техникалар мен технологияларды өндіріске енгізу, геологиялық барлау жұмыстарын жалғастыру, жаңа кеніштер ашу, Провра тобы кен орындарына интеллектуалды кен орны жобасын енгізу сынды басқа да көптеген жобалар атқарылып жатыр. Жылдың жетістігі ретінде Провра тобы кен орындары аумағында жаңа зауыт – газды кешенді дайындау Қондырғысының іске қосылуын атауға болады. Қуаттылығына сәйкес жылына 150 млн. м³ газ дайындалады. Бұл екінші жағынан экологиялық мәселені оң шешіп, алауды отқа жағуды тоқтатты. Кәсіпорында енді газпоршенді электрстанциясын салу көзделіп отыр. 9 айда сондай-ақ, мамандар дайындау, әлеуметтік сала бойынша да көптеген істер атқарылды.



ДӘНЕКЕРЛЕУ ІСІ ҮЛКЕН ШЕБЕРЛІКПЕН АТҚАРЫЛАДЫ



«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы, №1 Мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты Өндіріске қызмет көрсету цехы – жұмыс ауқымы өте кең, күрделі цех.

Осы цехта абыройлы қызмет атқарып жүрген дәнекерлеуші Оңдаған Дауылов пен кесуші Мұқанғали Жанаевтардың Өзен кенорнының дамуына қосып жүрген өзіндік үлестері зор.

Оңдағанның мұнай саласында жұмыс жасап жүргеніне 32 жыл болса,

Мұқағалидың еңбек өтілі 20 жылды құрайды.

«Қысы-жазы қайнап жататын өндіріс жұмысын біздің кәсібімізсіз елестету мүмкін емес. Дәнекерлеуші мен кесуші мамандығы өндірістің ажырамас құрамдас бөлігі іспетті. Жарылған құбырларды жамап-жасқау, шарбақтар құрастыру – дәнекерлеу жұмыстарыңыз бітпейді. Кесуші көйлек пішкен тігінші сияқты қажет нәрсенің пішімін шығарып берсе,

дәнекерлеуші сол нәрсені үйлестіріп жабыстырады. Жұмысымыз қиын, әйтсе де өзімізге ұнайды. Осы кәсібіміз арқылы отбасымызды асырап, ел экономикасының есуіне еңбек сіңіріп жүрміз», – дейді ащы тердің төтті дәмін татып жүрген өз ісінің майталмандары.

«Компанияның жарқын болашағы үшін әрқайсымыз ерінбей еңбек етіп, өз үлесімізді қосу міндетіміз», – дейді олар.

Білімді маман – компания болашағын қалайды

Қаражанбас кенорнында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ұйымдастырумен өткен «Үздік маман-2017» кәсіби-шеберлік байқауының үздігі атанған Аманкелді Ермұханов «Өзенмұнайгаз» АҚ, №3 МГӨБ скважиналарды зерттеу операторы болып 2010 жылдан бері жемісті еңбек етіп келеді. Ол мамандығының қыр-сырын әбден меңгеруіне еңбек сіңірген тәлімгері Орынбасар Қонысовқа риясыз алғысын білдірді. Аманкелдінің әкесі Келдібай Ермұханов та осы

басқармада ұзақ жылдан бері оператор болып еңбек етіп келеді.

Жұмысына өте ұқыпты, жылдар бойы тәжірибесі шындалған маман жұмыстан бос уақытында арғы бабасынан ауысып келе жатқан атбегілікпен айналысады. Оның желмен жарысқан жүйрік сәйгүлігі 2001 жылы Таушық елдімекенінің 60 және 2003 жылы Шетпенің 75-жылдығына орай ұйымдастырылған бәйгеде бас жүлдені қанжығасына байлады.

Маманның қарым-қабілеті мен білімі сыңа түсетін байқауда I орынға ие болған Аманкелді «Өзенмұнайгаз» сияқты алып компанияда жұмыс жасап жүріп, өмір сүрудің өзі қуаныш екендігін айтады.

«Байқау әрбір маманның білімі мен біліктілігін барынша арттыруға зор ықпалын тигізеді. Білімі мен біліктілігі жоғары маман ғана қоғамға үлес қосып, компанияның болашағын қалайды», – дейді ол.



ҚҰЛСАРЫ ӨНДІРІСТІК АЙМАҒЫ

1932 жылғы 28 қарашада Қосшағыл кен орнындағы №6 ұңғымадан 450 метр тереңдіктен алғашқы мұнай бұрқағы атқылады. Алғашқы ұңғыма тәулігіне 250 тонна мұнай берді. Кен орны өнеркәсіптік игеру 1935 жылы басталған. Дәл сол жылдың 23 қыркүйегінде Қосшағыл кәсіпшілігі құрылуымен Жылыой ауданында мұнай игерудің алғашқы қадамдары жасалып, еңбек қазандай қайнап жатады, мұнай құрал-жабдықтары Гурьев пен Доссордан тасылады. Бұрын мал мен құстан өзге ештеңе көрінбейтін ең далада техниканың гүрлі естіліп, әр төбенің басында отырған ауыл жастары өндіріске тартылады. Өндіріс біртіндеп дами береді. Қосшағыл мұнайгаз өндіру цехына қарасты Құлсары бөлімшесі 1939 жылы ашылған кен орны. Содан бері 253 ұңғыма қазылған. Бүгінгі күні де әлі мұнай беріп тұр. Мұнда негізінен мұнай өндіру операторлары, қабат қысымын сақтау операторы, слесарь-жөндеушілер жұмыс істейді. Шағын ұжым мұнай алу өнімін жоспарға сай орындап келеді.

Жылыой ауданы орталығы Құлсары қаласында орналасқан өндіріс құрал-жабдықтарын жөндеу және пайдалану цехы қажетті бүкіл құрал-саймандарды жөндейтін орын. Бірнеше станоктар орнатылған цехтың қуаттылығы мен мұнда жасалатын жұмыс көлемі аса ауқымды. Аталған цехта өндіріске қажетті алып техникалармен қатар, ұсақ-түйек, бірақ онсыз өндіріс алға жүре алмайтын құрал-саймандардың барлығы осында жөнделеді.

Мамандар істен шыққан тетіктерді жөндеп, ине-жіптен жаңа шыққандай су жаңа етіп шығарады. Мәселен, станок-ырғалғыштың редукторы жер астынан шыққан суды, майды айдау

не сору үшін қажетті сайман. Ол бұзылса, сорап та, станок та жұмыс істемейді. Міне, осы редуктор цехта жөнделеді. Немесе, өндірістік сораптар, агрегаттар, ырғалғыштың подшипниктері де солай. Өндіріс бір мезетте тоқтамауы үшін шеберханадағы жұмыс та қазандай қайнап, мігірсіз жүріп жатады.

Шеберханада теміржону станогы, құбыр кесу, сүргілеу-қайрау, қашағыш, гидравликалық-фрезерлік, тігінен және көлденеңнен бұрғылау, темір қысу станоктары, темір кесу арасы, тескіш балға станоктары, 3,2 тоннаға дейінгі салмақта жүк көтеру таль-краны, дәнекерлеу аппараттары да бар. Май қыздыру пештері, май, су айдау сораптары, тербелме редукторлары, МБ-125, ТН сұңғыма тұтқалары осында жөнделеді. Ұжым Қисымбайда су қазанын, Ақінгенде май қыздыру пешін, Тереңөзекте газ құбырын жөндеген, сол секілді басқармаға қарасты барлық кен орындарына барып, қажетті



Ұста Қ.Құрманғалиев

жөндеу жұмыстарын уақытылы жүргізіп отырады. Жерігілікті халықтың сұранысына орай Жем өзенінен су тартатын су желісін бұрынғы темір құбырлардан пластик құбырға ауыстырып, жөндеп, халық игілігіне пайдалануға беріпті. «КАСК-30» тарихи ластанған жерлердің топырағын өңдейтін қондырғыны жөндеу де осы цехтың міндетінде. Цехта еңбек ететін мамандардың барлығы өз ісінің білгірлері.



Құлсары мұнай өндіру бөлімшесі мамандары



Жөндеушілер А.Сенғали Ж.Молдашұлы

ЖАБДЫҚТАУ базасына 45 жыл



Басқарма басшысы Бек Қарақушиков

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі саналатын Өндірістік-техникалық қызмет көрсету және жабдықтармен комплектациялау басқармасы «Эмбанефтьтехснаб» конторы негізінде 1972 жылы құрылған. Негізгі мақсаты – мұнай кәсіпшілігіне қажетті құрал-жабдықтарды өңдеу (жүкті қабылдау, түсіру, қоймада сақтау, тиеу, жеткізу). Тапсырыс бойынша алынған құрылғылар алдымен осы басқармаға келеді. Оларды «Ембімұнайгаз» АҚ-

ның жоба жетекшілері мен мұндағы мамандар тексеріп, дұрыстығына көз жеткізгеннен кейін ғана қабылдап алады, сонан соң өндіріс ошақтарына тасымал темір жол және автокөліктер арқылы жүзеге асырылады. Жабдықтар өз елімізбен қатар, алыс-жақын шетелден де әкелінеді. База теңгерімінде жалпы ұзындығы 6995 метр кірме теміржолы бар. Басқарманы әр жылдарда басқарған басшылар базаның дамуына үлес қосты.

Базаның 2013 жылы 2056, 2014 жылы 2296 шаршы метр алаңды құрайтын барлық қоймалар едені бетонмен құйылып жөнделген. Бұрын ол қоймалар іші қиы-жиқы, бір көлік кірсе-ақ болды, ала шаңға бөгіліп қалатын. Енді бетон беті мұздай жылтырап жатыр. Осындай жұмыстар Құлсары базасында да жүзеге асырылып, қоймаларға күрделі жөндеу жүргізілген. Базаның басты жаңалығы – ток күшін беретін дизель-генератордың 2013 жылы орнатылуы. Ол басқарма аумағында электр қуаты болмаған күнде, 30 секундта автоматты түрде іске қосылып, қуат көзін береді. Тағы бір ауқымды жұмыс – ол жылу-ды қажет ететін тауарларды сақтайтын бес

қоймаға жылу жүргізілген. Дербес жылыту қазандығы барлық өкімшілік ғимараттарды, гараждарды, асхана, тұрмыстық бөлмелер, қоймаларды жылытып отыр, тіпті одан артық көлемде жылыта алатын мүмкіндігі бар. Бұл базаның сырттан келетін жарық пен жылуға тәуелсіздігін көрсетеді.

Қауіпсіздік шараларын арттыру мақсатында басқарма толық бейнебақылау жүйесіне қосылған. Автокөліктерде GPS қондырғылары бар. Сол сияқты тапсырысты уақытылы жеткізу және жүк түсіруді жылдамдату мақсатында 2012 жылы 2 автоматты манипуляторы бар МАЗ автокөлігі, 1 сұйық тасымалдағыш көлік, 25 тоннаға дейін жүк көтеретін автокран, ал 2013 жылы Маз маркалы өзі аударғыш автокөлігі (самосвал) сатып алынды. Басқарманың өз күшімен Аққыстау және Жамансор базаларында темір жолдарға жөндеу жүргізілген. Вагонмен келген жүктерді тасымалдап, маневрлік жұмыстар үшін ТГК-2 маркалы 1981 жылы шыққан тепловоз. 2012 жылы ресейлік мамандар шақырылып, қажетті қосалқы бөлшектері ауыстырылып, жақсылап жөнделген. Қазір ақаусыз жұмыс жасап тұр.

– 2014 жылы база аумағында модульді медпункт ашылып, онда медициналық тексеру және алғашқы медициналық жәрдем көрсетіледі. 2016 жылдың сәуір айынан бері басқармаға Жамансор базасы қосылды, онда да ауқымды жұмыстар жасалып жатыр. Бүгінгі таңда жүктерді өңдеу жұмыстарымен қатар басқарма жұмысшыларының күшімен ЕМГ өндірістік құрылымдары нысандарына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ, алдағы

уақытта Атырау базасында жаңа өндірістік желілер ашылмақшы. Олар: ПВХ бұйымынан дайын өнімдер шығару және ескі доңғалақтарды өңдеу арқылы резина тақташалар жасау өндірісі. ПВХ өнімдерінен терезе мен есік жасалып, оларды құрылымдық бөлімше нысандарында қолдану және ескі доңғалақтарды өңдеу арқылы әр түрлі және көлемді резина төсемтақта (брусчатка) шығару жұмыстары көзделеді, – дейді басқарма басшысы Бек Қарақушиков.

Басқармада әлеуметтік мәселелер де оңды шешілген. Өз жұмыскерлерін кәсіби дайындау, қайта даярлау, біліктілігін көтерумен қатар, оларға ұжымдық шартқа сәйкес барлық әлеуметтік көмектер көрсетіліп келеді. Ұжым мүшелері «Ембімұнайгаз» АҚ бойынша өтетін спорттық және мәдени-бұқаралық шараларға да белсене қатысады. Осылайша, басқарма ұжымы өзінің 45 жылдық мерейтойын үлкен абыроймен қарсы алып отыр.





«KMG EP-CATERING» мамандар біліктілігін шыңдауда

«KMG EP-Catering» ЖШС-нің негізгі жұмысы – тамақпен қамтамасыз ету қызметін ұсыну. «Өзенмұнайгаз», «Ембімұнайгаз» АҚ кен орындарында орналасқан асханаларда мұнайшыларды ыстық тамақпен және термостық жағдайда ыстық тамақпен, құрғақ паек ұйымдастыру, түнгі ыстық тамақпен қамтамасыз ету қызметін атқарады. Аталған қызмет түрін сапалы көрсету мақсатында асхана қызметкерлері біліктілігін арттыру үшін арнайы курстар, үнемі іс-тәжірибе алмасу семинар-тренингтер жыл сайын ұйымдастырылып отырады. Мәселен, Серіктестіктің аспазшылары мен наубайшыларының біліктілігін арттыру мақсатында кезең-кезеңмен семинар-тренингтер 2017 жылдың маусым айы мен

шілде айы аралығында Атырау қаласында арнайы аспазшылар, наубайшылар, технологтар дайындайтын колледжде ұйымдастырылды. Ұйымдастырушы компания «Өндірістік кәсіпорындарда тамақтандыру ұйымдастыру» тақырыбы бойынша семинар-тренингтер, әртүрлі тағамдар дайындау бойынша мастер класстар өткізіп, арнайы компьютерленген кабинеттерде тесттер өткізіп, қызметкерлерге сертификаттар табыстады. Сондай-ақ, қоғамдық тамақтандыру цехы жұмысы дәрежесін көтеру мақсатында технологтарға да аталған бағыттағы оқулар үнемі ұйымдастырылып отырады. Технологтар заман талабына және мұнайшылар сұранысына қарай ас мәзірінің түрлерін өзгертіп отыруға жұмыстанады. Мұнайшыларды тамақпен қамтамасыз ету қызметін ұсыну жолында аспазшылар аянбай еңбек етіп келеді.



«ЖІГІТ СҰЛТАНЫ» сайысы өтті

«Мұнайшы» мәдениет сарайында «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы Жас мамандар кеңесінің ұйымдастыруымен «Жігіт сұлтаны» сайысы өтті. Сайысқа компания аппарат басқармасы, №3 Мұнай газ өндіру басқармасы, №2 Сквжиналарға қызмет көрсету басқармасы, «KMG EP-Catering», «ӨМС», «ОргСнаб-НП» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен қатысқан жігіттер өнерімен, білімімен, күшімен жарысып, бақ сынасты.

Сайысты бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары, әділқазылар алқасының төрағасы Мақсат Ибағаров ашып, байқауға қатысушыларға сәттілік тіледі.

«Сәлем – сөздің анасы» демекші, алғашқы тур «Сәлемдесу» деп аталды.

Жігіттер өздерін көрермендерге қара сөзбен, өлеңдетіп таныстырды.

Бірінші болып «ОргСнаб-НП» ЖШС қызметкері Серікбай Балтабаев бастады. Сәлемдесуді екінші болып №2 Сквжиналарға қызмет көрсету басқармасының жұмыскері Қанат Ақбаев домбырамен жалғастырды. «ӨМС» ЖШС қызметкері Дәулет Нөкеров өзінің «Кең даламен сырласу» монологы барысында өзін таныстырып, арманын да айтып өтті.

Аппарат басқармасынан әріптесіміз Ерлан Тағаев шықты. Өнер сайысында Қанат Ақбаев домбырамен күй тартты, Ерлан Тағаев пантомима ұсынып бүкіл әлем сүйсініп көретін Чарли Чаплиннің образын сомдап, көрермендерді таңқалдырды. №3 МГӨБ жұмыскері Берік Қорғанбаевтың сомдаған мүгедек бала образы шебер шықты.

«ӨМС» ЖШС қызметкері Дәулет Нөкеров Сирияға кетіп сергелдеңге түскен бауырымыздың өмірін бейнеледі. Жалпы қатысушылар «сүрініп кетіп, бүлініп жүрген тағдырларды» көрсетті. Мүмкін олар көрерменге ой салуды көздеген болар.

Сайыста әннен, әзілден шашу шашылды.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» бас жүлдені Берік Қорғанбаев (№3 МГӨБ), I орынға Серікбай Балтабаев («ОргСнаб-НП» ЖШС), II орынға Дәулет Нөкеров («ӨМС» ЖШС), III орынға Ерлан Тағаев (аппарат басқармасы) ие болды.

Жеңімпаздар диплом мен ақшалай сыйлыққа ие болды. Сайыс өте жоғары деңгейде өтті.

«ӨзенМұнайГаз» АҚ Жұртшылықпен байланыс департаменті

Алғыс айталмын!

Мен «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының дамуына барынша үлес қосып, 45 жыл жүргізуші болып жұмыс жасадым. Өткен 2016 жылы Технологиялық транспорт басқармасынан зейнеткерлікке шықтым. Зейнеткерліктің де өзіндік ләззаты бар екен.

Бейнет аяқ астында екен. Қатты ауырып қалдым. Құдайға шүкір, азамат балам облыстық ауруханаға апарып орналастырды.

Ауруханада ес-түссіз 4 күн жатып, бесінші күн дегенде есімді жидым. «Ноқталы басқа бір өлім» екенін түсінгенмін, жан шіркін тәтті екен. Бірінші Алланың қалауымен, одан қала берді, аурухананың білікті дәрігер-хирургі Битимов Сағат Аманқосұлының қайратымен өмірге қайта оралдым. Ота сәтті өтті.

Адам дені сау болып, шапқылап жүрген кезде, бір күндік жарық сәуленің қаншалықты қымбат екендігін сезбейді екен. Біздің бақытымыздың оннан тоғызды денсаулығымызға байланысты екендігін түсіндім.

Технологиялық транспорт басқармасы директоры Жамбыл Ногаев пен кәсіподақ төрағасы Жанболат Қыдырғалиев бастаған бір топ азамат үйге келіп, көңілімді сұрап шықты. Азаматтардың адамгершілігіне көңілім өсіп, кәдімгідей марқайып қалдым. «Жақсы сөзге жан семіреді» – деген емес пе?! Олардың сөздері маған қолдау болып, құлан-таза сауығып кетемін деген үміт отымды үрлеп, сенімімді арттырды. Қазір жағдайым Аллаға шүкір!

Басыма сынақ түскенде көмек қолын созған дәрігер-хирург Сағат Битимовке, сондай-ақ, жылы сөздерімен жанымды жылытқан әріптестеріме Алланың нұры жаусын деймін.

«Тіршіліктің қызығы адамзатқа жақсылық қылумен көрінеді» – деп жазыпты Міржақып Дулатұлы. Бес күн тіршілікте, бір-бірімізді сөзбен де, іспен де қолдап, мейірімділік танытып жүрейік, бауырлар. Жасаған жақсылықтарыңыз Алладан қайтсын! Отбасыңыз аман, дендеріңіз сау, жұмыстарыңыз табысты болғай!

Рахман Исмағамбетов,
«Өзенмұнайгаз» АҚ зейнеткері

ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ!

АО «РД «КМГ» в рамках совершенствования корпоративных политик в области противодействия коррупции, внедрило «горячую линию», доступ к которой доступен 24 часа в сутки, 7 дней в неделю посредством электронной почты:

report@seehearspeakup.co.uk

или на сайте:

www.seehearspeakup.co.uk

также позвонив на следующие телефонные номера:

8 800 333 3574 (RU)

8 800 333 4233 (KZ)

8 800 333 4244 (ENG)

звонок бесплатный

Скажем коррупции СТОП!

Обращения, в том числе анонимные, поступающие на «горячую линию», рассматриваются Службой внутреннего аудита АО РД КМГ, иными структурными подразделениями, либо рабочими группами, обеспечивая надлежащий уровень независимости и объективности.

По поступившим в текущем году обращениям проведена соответствующая работа и приняты необходимые меры реагирования.

Сотрудникам гарантируется анонимность и конфиденциальность.



ЫСЫРАПШЫЛДЫҚ - ОТБАСЫ БЮДЖЕТІНІҢ СОРЫ

“Қисапсыз молшылық барды бағаламау, обал-сауапты ұмыттыра бастады.”

XXI ғасырдың басында еліміздің әлеуметтік-экономикалық ахуалы жақсара бастады, әртүрлі қорапшаға салынған азық-түлік түрлері көбейді, дастарқан молайды. Қисапсыз молшылық, барды бағаламау, обал-сауапты ұмыттыра бастады.

Бала кезімізде дастархан басында шүпірлеп отырып, алдымызға келген тамақты тауысып жейтінбіз. Дастарханға түскен нан қиқымын шешем марқұм «обалы бар, теріп жеп қойыңдар, бай боласыңдар» дейтін күлімсіреп. Пенде шіркін бар болғанды, бай болғанды қашан жек көріп еді...Талас-тармаса дастархан үстіндегі нан қиқымын өп-сәтте жеп қоятынбыз. Балалық шығар... Сондағы ойымыз өскенде байлыққа белшемізден бату! Бұндайда қазақ «шойын қараның ойын қара» демеуші ме еді...

Ысырапшылдық дәстүрлі қазақ ұғымына жат. Тамақтың жуындысы екеш жуынды да далаға төгілмейді. Лайка деген итіміздің итаяғына құйылады. Сол кездегі аналар біздерді үнемшілдікке, жанашырлыққа тәрбиеледі. Ендеше, неге Сіз бен Біз айдың күннің аманында аналар тәрбиесінен адасып қалып отырмыз?!

Ысырап-артық дүние-мүлікті, ақшаны игілікті іске жұмсаудың орнына, қалай болса солай шашып-төгуді білдіреді. Қазақ қонақсыз отыра алмайды. Қонақ шақырғанда «сараң екен» деп айтпасын деп, тым артық тағам дайындап, дастарқанды толтырып қоятынымыз рас. Қонаққа жайылған ас та төк дастарқаннан артылып, қоқысқа тасталған астың обалы кімге?

Дәрігер-мамандар көптеген аурулар ысыраптан, шамадан тыс ішіп-жеуден, өмірлік қателіктерден, орынсыз ойын-сауықтан т.б. пайда болатынын айтады. Мақсатсыз өмір, арзан күлкі, түрлі құмарлық иманның әсерін әлсіретіп, тіпті жойып та жібереді. Қарап отырсаңыз, бүгінде ысыраптың түрі көп. Суды, электр энергиясын шектен тыс пайдалану-заттай ысырапқа жатады. Киімге, мүлікке күтімсіз қарап, тез тоздыру да ысырап. Уақытты бос өткізу-рухани ысырапқа жатады. Компьютерлік ойындар, мән-мағынасы жоқ фильмдер, бітпейтін сериалдар, қанбайтын ұйқы, ешкімге пайдасы жоқ бос әңгіме айту,

әлеуметтік желілерде сағаттап отыру...мақсатсыз телефонмен сөйлесу...өлшеп берілген өмірді баянсыз нәрселерге жұмсап, уақытты ысырап ету болып табылады.

Ислам діні әуел бастан ысырапшылдыққа қарсы. Ысырап-мұсылман үшін күнә. «Теңіздің жағасында тұрып дәрет алсаң да суды ысырап етпеңдер!» – дейді Мұхаммед (с.а.у).

«Өзімнен ештеңе аямаймын» – деп, нәпсінің қалағанының бәрін орындау да ысырапқа жатады. «Мода» деген қысқа күнде қырық құбылатын дүрмекке ілесем деп, жаңа атаулыға ие болу үшін жанталасу-қазіргі заманның бір сипатына айналды. Нәпсінің ешқашан тоймайтынын ұмытып кеттік. Көбіміз соның қалауымен жүреміз деп, кісілігіміз бен өміріміздің мәнін де жоғалтып алдық. Күні-түні үйімізді затқа толтыру үшін жұмыс жасау-бүкіл қоғамның проблемасына айналды. Ол зат қажет болмаса да, мақсатсыз сатып алуға көштік. Ақшамыз жетпей жатса, банктен несие ала саламыз. Кейбір адамдардың басында бірнеше несие бар. Қарызға белшесінен батып отырған адамның көңілінің қошы бола ма?! Қарызданып-қауғаланып алған зат сізге қуаныш сыйлай ала ма?!

Бұқараның жыл өткен сайын тұтынушылық төбеті артқан үстіне артып барады. Адамның көзі бұл пәниде тоймақ емес.

Киім-кешек, тағам арқылы елден ерекшеленіп, айналасына қыр көрсеткісі келетін адамдар пайда болды. Қыз-келіншектер «сөннен қалмау» үшін сұлулық салонының табалдырығын тоздыра бастады. Бұл процестің қызу жүруіне күні-түні теледидардан көрсетілетін жарнамалардың өзіндік үлесі зор. Бүгінде жарнама LED экран арқылы көшеге де шығып кетті. Біздің затқа тәуелділігімізге психологтар «шопоголизм» деген диагноз қойып, кейбір елдерде осы ауруды емдеуге де кірісіп кетті.

Біз бала-шағаның аузынан жырып, үнемдеуді насихаттаудан аулақпыз. Адал жолмен табылған ақшаға жақсы киім киіп, әдемі де жайлы өмір сүргенге не жетсін!

Біз ысырапшылдыққа қарсымыз. Біздікі, ысырапшылдық-ұлттық мінезге айналып кетпесін деген жанашырлық қана. Өмірдің мәнін мәңгілік құндылықтардан іздеген көшпелі елдің ұрпағы екенімізді еске бір салып қою.

Сариа Сүгірәлі,
«Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкері

“Ақшамыз жетпей жатса, банктен несие ала саламыз. Кейбір адамдардың басында бірнеше несие бар.”



ҚҰЛАҚТАНДЫРУ!

Құрметті әріптестер!

Егер өндірістік қарым-қатынастар, еңбекті қорғау және қауіпсіздік, тұрмыстық жағдайлар мен еңбек ережелеріне қатысты шағым немесе ұсыныстарыңыз болса, **8 771 054 45 70** нөміріне **WhatsApp** желісі арқылы байланысуға болады. Желі тек SMS-хабарламаларды ғана қабылдайды (қоңырау қабылданбайды).

Анонимдік қамтамасыз етіледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ қоғаммен байланыс қызметі

Уважаемые коллеги!

При наличии жалоб и предложений, касательно производственных отношений, охраны и безопасности труда, бытовых условий и трудовой дисциплины, Вы можете направить их на мобильный номер **8 771 054 45 70 WhatsApp**. Линия поддерживает только прием сообщений, без звонков.

Анонимность гарантируется.

Служба по связям с общественностью АО «Эмбаунайгаз»

МЕНШІК ИЕСІ:

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ
ГАЗЕТ Қазақстан Республикасы

Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде
Есепке қойылып, № 6668-Г кәулігі берілген.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

010000, Астана қаласы,
Қабанбай Батыр даңғылы, 17 үй,
11 қабат, 1102 бөлме.

- ◆ ГАЗЕТ ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫНДАҒЫ АВТОР ПІКІРІ РЕДАКЦИЯНЫҢ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.
- ◆ РЕДАКЦИЯ ОҚЫРМАН ХАТТАРЫНА ЖАУАП БЕРМЕЙДІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЙТАРМАЙДЫ.
- ◆ «Мұнайлы мекен» ГАЗЕТІНДЕ ЖАРИЯЛАНҒАН МАТЕРИАЛДАР КӨШІРІЛІП БАСЫЛСА, СІЛТЕМЕ ЖАСАЛУЫ МІНДЕТТІ.
- ◆ ЖАРИЯЛАНҒАН СУРЕТТЕРДІҢ САПАСЫНА РЕДАКЦИЯ ЖАУАП БЕРЕДІ.

ШЫҒАРЫЛЫМДЫ ДАЙЫНДАУҒА ҚАТЫСҚАНДАР:

Бақдәулет Төлеген – B.TOLEGEN@KMGEP.KZ
Жұмағұл Темірғали – Zh.TEMIRGALI@KMGEP.KZ
Бибігүл Бөбекбай – P.SDSO@UMG.KMGEP.KZ
Лаура Сүлейменова – L.SULEIMENOVA@EMG.KMGEP.KZ
Ғалия Қаражанова – G.KARAJANOVA@EMG.KMGEP.KZ
Қосұйым Мұқашев – K.MUKASHEV@EMG.KMGEP.KZ
Алтынгүл Әлішерова – A.ALISHEROVA@KGM.KZ
Жаңағұл Серікова – Zh.SERIKOVA@KMGEP.KZ
Диана Қалқамбекова – D.KALKAMBEKOVA@KMGEP.KZ

Байланыс телефоны: +7 (7172) 97 78 93

Эл.почта: MUNAILYMEKEN@KMGEP.KZ

Газет айына 2 рет шығады, Таралымы 5 000 дана

МЕРДІГЕР: «SAMRUK INVEST GROUP» ЖШС
Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы, 41-үй, 476 кеңсе.

Тел.: +7 (7172) 68 00 79

«Ақжар - АБК» ЖШС

Ақтөбе қ-сы, Қобыланды көшесі, 17
Тел.: +7 (7132) 21 19 30